

## "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

### **Күшін жойған**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 2 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 ақпанда № 2924 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 306 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 29.12.2017 № 306 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі-Басқарма) Ережесі бекітілсін.

2. Басқарма заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберуді;

3) осы қаулының Жамбыл облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы қаулыдан туындастырылған басқа да шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т. Жанкеге жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**"Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және  
индустриалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Жамбыл облысында кәсіпкерлік, туризм, өнеркәсіп және сауда саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органды болып табылады.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Зандарапина, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеме үйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заннамаға сәйкес осыған уәкілетті берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бүйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: пошталық индексі 080012, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би даңғылы, № 35.

10. Мемлекеттік органның толық атауы – "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік субъектілерімен "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау түрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік

мекемесінің миссиясы: жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті және индустриалды-инновациялық қызметті дамытуға бағытталған мемлекеттік саясатты жүзеге асыру.

#### 15. Міндеттері:

- 1) аймақтық деңгейде кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту бойынша мемлекеттік стратегия шараларын жүзеге асыру;
- 2) кәсіпорындардың бәсекелестік қабілеттілігін арттыру, халықаралық сапа стандарттарын енгізу, салаларды техника-технологиялық жаңарту, инновациялық қызметтерді дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 3) шағын кәсіпкерлік мәселелерін шешуде мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдардың, қоғамдық бірлестіктердің қызметін үйлестіру, шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау аясындағы заңнамалар мен басқа да нормативтік құқықтық актілерге мониторинг және талдау жүргізу;
- 4) шағын кәсіпкерлікті қолдау инфрақұрылымының дамуына жәрдемдесу;
- 5) облыс аумағындағы сауда саясатын жүргізуі қамтамасыз ету;
- 6) өз құзыреті шегінде сауда қызметі субъектілерінің қызметін реттеуді жүзеге асыру;
- 7) облыста сауда қызметіне қолайлы жағдайлар жасау бойынша шаралар әзірлеу.

#### 16. Функциялары:

- 1) сауда, өнеркәсіп мекемелері мен ұйымдарының, кәсіпорын қызметтеріне мониторинг жүргізу;
- 2) "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың Біріңгай бағадрламасын іске асыру;
- 3) шағын кәсіпкерлікке кеңестік және техникалық, қаржылай көмек беру мәселелері бойынша халықаралық және отандық қаржы институттарымен, басқа да ұйымдармен өзара әрекеттестікті ұйымдастыру;
- 4) шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мен қолдау сұрақтары бойынша кәсіпкерлер ассоциациясымен, бизнес-орталықтармен, басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдармен өзара әрекеттесу;
- 5) шағын және орта кәсіпкерлік сұрақтары бойынша жиналыстар ұйымдастыру және өткізу;
- 6) жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарастыру;
- 7) өнеркәсіп салаларының дамуын зерттеу, талдау және болжау;
- 8) Қазақстан Республикасын үдемелі индустриалды-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуына қатысу;
- 9) жиналыстарға, семинарларға және форумдарға қатысу;

10) мониторингке қосу үшін, басымды бағыттарға сәйкес жалпы экономикалық немесе әлеуметтік маңызы бар инвестициялық жобаларды іріктеуге қатысу;

11) 2015-2019 жылдарға арналған республикалық және/немесе өндірлік индустрияландыру карталарына қосылған Жамбыл облысындағы жобаларға мониторинг жүргізу;

12) 2015-2019 жылдарға арналған республикалық және/немесе өндірлік индустрияландыру картасына жобаларды қосу мәселелері бойынша ұсыныс енгізу;

13) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативтері бойынша ұсыныстар әзірлеу;

14) халықты сауда алаңымен қамтамасыз етудің ең төменгі нормативіне қол жеткізу бойынша шаралар әзірлеу және іске асыру;

15) көрмелер мен жәрмеңкелер ұйымдастыруды жүзеге асыру;

16) әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

17) аумактарды дамыту бағдарламалары шеңберінде стационарлық сауда нысандарын дамыту үшін іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;

18) көрмелік-жәрмеңкелік қызметті ұйымдастыруды жүзеге асыру;

19) стационарлық емес сауда нысандарын орналастыру орындарын бекіту;

20) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 202-бабында көзделген "Сауда қызметі субъектілерінің Қазақстан Республикасының сауда қызметін реттеу туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына жол берілетін шекті бөлшек сауда бағаларын мөлшерінен асыруы" әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарau;

21) Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 204-бабында көзделген "Жергілікті атқарушы орган белгілегеннен тыс орындарда сауда жасау" бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарau;

22) облыстағы сауда базарларына санаттар беру;

23) мемлекеттік статистика органдарының деректері негізінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ағымдағы бөлшек сауда бағаларын шекті мәндерімен салыстырмалы талдауын жүргізу;

24) жыл сайын, белгіленген уақытта уәкілдегі органдар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының алдағы жылдың тоқсандарына арналған шекті мәндерін бекіту бойынша жиынтық ұсыныстар енгізу;

25) заңды тұлғалардың тұсті және қара металдардың сыйықтары мен қалдықтарын жинау (дайындау), сақтау, өндөу және өткізу бойынша қызметті жүзеге асыруына лицензия беру;

26) туризмді дамыту бойынша өнірлік (аймақтық) бағдарламаларын әзірлеу;

27) туризм сұрақтары бойынша заңнамаларды жетілдіру жөнінде ұсыныстарды дайындау;

28) туристік операторлық қызметті (туроператорлық қызмет) жүзеге асыруға лицензия беру;

29) туристік ақпаратты, оның ішінде туристік әлеует, туризм объектілері мен туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғалар туралы ақпаратты беру;

30) туристік маршруттар мен соқпақтардың тізілімін жүргізу.

## 17. Құқықтары мен міндеттері:

"Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі негізгі міндеттерін іске асыруға және өз функцияларын жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мыналарға:

1) индустріалды-инновациялық қызметті және кәсіпкерлікті дамытудың негізгі бағыттары бойынша ұсыныс енгізуге;

2) статистика органдарынан, барлық меншік нысандағы кәсіпорындардан, облыстық басқармалардан, комитеттерден, бөлімдерден, қалалық және аудандық әкімдіктерден, банктерден және басқа да ұйымдардан өзінің міндеттері мен функцияларын орындау үшін ақпараттарды және есептерді сұрап алуға;

3) қажет болған жағдайларда сараптамалар өткізуге, конкурстық комиссияларға қатысуға, тұжырымдамаларды, нормативтік материалдарды, өнірлік бағдарламаларды әзірлеуге ғылыми қызметкерлерді, туризм, кәсіпкерлік және өнеркәсіп субъектілерінің мамандарын, облыстық қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін тартуға;

4) туризм, кәсіпкерлік және өнеркәсіпті дамыту сұрақтары бойынша келіссөздер жүргізуге және келісім шарттар жасауға;

5) аймақтық және салааралық сұрақтарды шешуде консультациялық-кеңесші органдар құруға құқығы бар.

## Міндеттері:

1) өз қызметін "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің осы Ережесіне, сондай-ақ жұмыс жоспарларына сәйкес жүргізуі іске асыру;

2) өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз ету.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін үйімдастыру**

18. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

19. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Жамбыл облысының әкімі қызметке тағайындауды және қызметтен босатады.

20. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

21. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттілігі:

1) "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2) "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мұддесін қорғайды;

3) келісім-шарттар жасайды, сенімхаттар береді;

4) банкіде есепшоттар ашады, мәмілелер жасайды;

5) барлық қызметкерлерге міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады және тапсырмалар береді;

6) қолданыстағы заңнамаға сәйкес "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

7) қызметкерлерді көтермелей шарапаларын және оларға тәртіптік жаза қолдану шарапаларын анықтайды;

8) "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімдері туралы ережелерді бекітеді.

"Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындаиды.

22. Бірінші басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Мемлекеттік органдың мүлкі**

23. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

24. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бекітілген мүлкі коммуналдық меншікке жатады.

25. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

26. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустріалды-инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.